2022-2023 оқу жылына элективті пәндер каталогы

1. Кафедра: Мейіргер ісі
2. Білім беру деңгейі: Қолданбалы бакалавр
3. Білім бағдарламалары: 00302000 Мейіргер ісі
4. Курс: 3
5. Элективті пән атауы: Мейіргер ісі негіздері
6. Кредит саны: 2
7. Мақсаты: науқастарды күту дағдыларын үйрету және теориясының негіздерін меңгеру; мейіргердің кәсіби шеберлігінің негіздерін студенттердің меңгеруі, мейіргерлік көмек көрсетудің ғылыми әдісі ретінде мейіргерлік үрдісті меңгеру.
8.Міндеттер:

- медициналық ұйымдарда науқастарды күтудің теориялық және практикалық негіздеріне үйрету;
- кәсіби этика және деонтология қағидаттарына,мәдени ойлауды меңгеруге,ақпаратты жалпылау,талдау,қабылдау,мақсат қою және оған қол жеткізу жолдарын таңдауға қабілетті болуға үйрету;
- әріптестермен қарым-қатынас жасауға және ұжымда жұмыс істеуге,соның ішінде емдеу бригадасының құрамында бекітілген ауру адамдарға медициналық көмек көрсету аясына сәйкес әрекет етуге үйрету;
- манипуляция әдістері мен техникасына және мейіргерлік үрдісті жүзеге асыруға үйрету.

9. Пән мазмұны: Мейіргер ісі негіздері – бұл пән, алғашқы рет студенттерді тәжірибелік денсаулық сақтаумен, емдеу мекемелерінің жұмысымен, науқастарды күту және бақылау әдістеріне үйретеді. Пәнді оқыту мақсаты болып мамандандырылған қызметтердің барлық түрлері табылады, яғни ол науқастарды жалпы күту медицина қызметкерлерімен жүзеге асады және диагностикалық, емдеу ісінің оң нәтижесін қамтамасыз етуге бағытталған.
10. Пәнді таңдау негіздері: мейірбике ісінің негіздері - бұл студенттерді практикалық денсаулық сақтаумен, емдеу мекемелерінің жұмысын ұйымдастырумен алғаш рет таныстыратын, бақылау әдістерін үйретететін пән.
11. Оқыту нәтижелері (құзыреттіліктері):

Білім (когнитивтік сала)	Шеберлігі және дағдысы (психомоторлы сала)	Жеке және кәсіби құзыреттіліктер (қатынас)
Қазақстан Республикасының негізгі ережелерін, Денсаулық сақтау туралы заңнама негіздерін және нормативтік құжаттарды біледі;	Нормативтік-нұсқаулық құжаттармен жұмыс істей алады.	Кәсіби, жеке және корпоративтік байланыстар орнату
Нормативтік-нұсқаулық құжаттарды, кәсіби маман іс шараларын біледі.	Пациенттерді күту кезінде мейіргерлік үрдістің негізгі кезеңдерін құжаттай алады;	Ақпараттық іздеу мәселелерін шешу, тұлғалық және кәсіби өсуге дайын болу
Медициналық, әлеуметтік, құқықтық көмекті ұйымдастыру қағидаларын біледі;	Есепке алуды, дәрі-дәрмектердің, таңу материалдарының, құрал-саймандардың, арнайы есеп бланкілерінің жұмсалуын жүзеге асыра алады;	икемді және креативті ойлау қабілеті болуы

«Мейіргер ісі » мамандығының біліктілік мінездемесін біледі;	Пациенттің жеке қажеттіліктері мен мәселелерін ескере отырып, білікті күтуді қамтамасыз ету үшін мейіргерлік үрдісті ұйымдастыра және жүзеге асыра алады;	жұмыстың жеке және командалық нәтижелеріне жоғары жауапкершілікте болады
Мейіргерлік үрдіс кезеңдері негізінде пациенттерді мейіргерлік күтімді ұйымдастыруды біледі;	Диагностикалық, емдеу, оңалту, профилактикалық, емдеу-сауықтыру, санитарлық-гигиеналық, санитарлық-ағарту іс-шараларын өзінің кәсіби-лауазымдық нұсқаулықтарына, өкілеттіктеріне және дәрігерлік тағайындауларына сәйкес орындай алады;	
Медициналық этика және деонтология негіздерін біледі	АҚТҚ инфекциясының, ЖҚТБ – ның алдын алу жөніндегі жұмысты анықтайтын және туберкулезге қарсы медициналық қызметті реттейтін негізгі нормативтік құжаттарды басшылыққа алады;	
	Мейіргерлік манипуляцияларды сапалы орындай алады;	
	Ауру кезінде және қайтыс болғаннан кейін пациентке және оның отбасына психологиялық қолдау көрсете алады.	

12. Пререквизиттер: Үй жағдайындағы мейірбикелік күтім, Мейірбике ісінде әлеуметтік жұмыс.

13. Постреквизиттер: Функционалды мүмкіндіктерін жақсарту, Мамандандырылған мейіргерлік күтім.

14. Әдебиет:

Негізгі:

1. Морозова, Г. И. Медбикелік іс негіздері М. : ГЭОТАР – Медиа, 2014. – 256 бет

2. Адилова, Л. М. Мейіргердің манипуляциялық әрекетінің алгоритмдері: оқу құралы = Алгоритмы сестринских манипуляций : учебное пособие. – М. : «Литтерра», 2016. – 248 бет с.

3. Вац, Н. Мейірбике ісі негіздері (жеке әлеуметтік топтардың науқастарына мейірбикелік күтім) = Основы сестринского дела (сестринская помощь по уходу за отдельными социальными группами лиц) : оқу құралы / Н. Вац, Ә. Сабырханова, К. Қасенова. - ; Астана : Фолиант, 2011. – 280 бет. с. -

Қосымша:

1. Мухина, С. А. Практическое руководство к предмету «Основы сестринского дела». – М. : ГЭОТАР – Медиа, 2014. – 512 с. –

2. Нурманова, М. Ш. «Мейірбике ісі негіздері» пәні бойынша мейірбикелік технологиялар стандарттарының жинағы: жинақ / М. Ш. Нурманова, Ж. Т. Матакова, Э. Т. Бейскулова ; Қарағанды : ЖК «Ақнұр», 2012. – 250 бет. с. –

Электронды басылымдар:

1. «Мухина, С. А. Мейірбикелік іс негіздері пәніне практикалық басшылық [Электронный ресурс] : мед. училищелер мен колледждерге арналған оқу құралы. – Электрон. текстовые дан. (60,3Мб). – М. : ГЭОТАР – Медиа, 2017

2. Адилова, Л. М. Мейіргердің манипуляциялық әрекетінің алгоритмдері [Электронный ресурс] : оқу құралы = Алгоритмы сестринских манипуляций : увеб. пособие / Л. М. Адилова. – Электрон. текстовые дан. (39.5Мб). – М. : «Литтерра», 2016. – 248б. с.